

Алматы облысының білім басқармасы
Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы



ДАЛА ДАНЫШПАНЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНТЕРНЕТ- КОНФЕРЕНЦИЯ
Ж И Н А Ғ Ы



ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.3
О-52

**Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының
шешімімен баспаға пұсынылған.**

Жалпы редакциясын басқарған: А.Қабдұлова – «Алматы облысы
білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Облыстық білім беруді дамыту оқу-
әдістемелік орталығы» МКК-ның директоры.

Редакциялық алқа мүшелері:

Ғ.Мухметова – Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік
орталығы директорының орынбасары

Құрастырған:

Ө.Өуезова – Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік
орталығының әдіскері

«ДАЛА ДАНЫШПАНЫ» республикалық интернет-конференция
материалдары. – Талдықорған, 2022. - 243 б.

ISBN 978-601-7519-42-1

Материалдар осы тақырыпқа қызығушылық білдіретін пен
мұғалімдеріне, жоғарғы сынып оқушыларына, жалпы кең әлеуметке
арналады.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.3

ISBN 978-601-7519-42-1

© «Алматы облысы білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесі
© «Облыстық білім беруді дамыту оқу-
әдістемелік орталығы»

Алғы сөз

Қазақ мемлекетінің тарихында ел басқару ісіндегі билер жүйесі, мәдениеті, едіп-тәртібі, ғенегесі ерекше құбылыс. Ежелден қалыптасқан бұл жүйе ұлы далада биік шыңға көтерілді. Билер жүйесі халықтың қалыптасуына, ой санасына, тіршілігіне, елеуметіне және мәдениетінің ғысуіне зор ықпал етті, ел басқару ісінде үлгі ғенеге көрсетті. Билер мұрасы шешендік ғенер аясында танылып, мемлекетті қалыптастырудағы қызметтерін назардан тыс қалдырып жатамыз. Қазақ мемлекетінің тарихында сөз атасы саналған Майқы би, Жиренше шешен, ХҮІ-ХҮІІ ғасырда елге тіреу болған: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және басқа да қазақ билерінің еңбегі ғәлшеусіз, олар мемлекеттік қайраткерліктерімен, асқан даналықтарымен тарихымызда қалды.

Қазақ халқының ХҮІІ – ХҮІІІ-ғасырлардағы ұлы үш бидің бірі, батыл, парасатты елші, Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, «Жеті жарғы» заңдар кодексін шығарушылардың бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына биыл 355 жыл. Қазыбек Келдібекұлы халықсанасында «Қаз дауысты Қазыбек» атанып, қазақ бірлігінің нығаюына, өзара ынтымағының дамуына зор үлес қосқан қазақ руханиятындағы ұлы тұлғалардың бірі. Елдік пен бірліктің символы Қаз дауысты Қазыбек бидің мемлекет пен құқық тарихындағы орнын, шешендік ғенер шежіресін, рухани мұрасын насихаттау біздің борышымыз.

Әр халықтың ғездері мақтан тұтатын, олардың ерліктері, жеңістері, жетістіктері және т.б. үшін алғыс білдіретін есімдері болады. Неше ғасыр өтсе де күні бүгінге дейін Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендігі мен данағәйлігі – асыл мұра.

I. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

ДАЛА ДАНЫШПАНЫ ҚАЗЫБЕК БИ

Калелова Жадыра Уатаевна, Өнербек Қуанғанұлы

Талдықорған қ. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан
тарихы кафедрасы

Ұлан-ғайыр кең даланы мекендеген көшпелі қазақ елінің тарихында «Дала кемеңгерлері»-деген құрметті атқа лайықты ұлы тұлғалар жетерлік. Өр заманның өз тұлғасы болатыны белгілі ғой. Сол сияқты XVII-XVIII ғасырда қазақ жұртының еркіндігі мен азаттығы үшін алысып, тұтас ғұмырын қазақ елінің дамуына арнаған «Үш пайғамбар»-деп тарихта аталып кеткен ейгілі үш бидің бірі қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлының биыл туғанына 355 жыл толып отыр. Ел тарихын толықтырып, есімі аңызға айналған тұлғалардың ғажайып ерлігін барша қауымға жария етуде елі күнге дейін кемшіліктеріміз бар. Қазіргі кезде қоғамның дамуын, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы артты. Ұлттық санамыз оянып, тарихымыздың тамыры тереңде жатқанын сезініп, халқымыз бастан өткізген белгілі кезеңдерге жаңа кезқараспен қарауға кез келді. Өсіресе, ғасырлар бойы қалыптасып келген қазақ халқын мемлекетігінен айырған кезеңдерде ұлттың тағдырына алаңдап ғажап іс атқарған батырлар мен сол еділетсіз биліктен құтылу жолында бар саналы тағдырын ұлт мүддесіне арнаған ұлы тұлғалар жеткілікті. Осындай қиын қыстау заманында халқына пана бола білген, есімі ел жадында сақталған тұлғалардың қатарында Қазыбек би Келдібекұлын атап айтуымызға болады. Қазыбек Келдібекұлы - қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш бидің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан Қазыбек Келдібекұлы – 1667 жылы Сырдария өзенінің жағасында дүниеге келген (нақты туылған жері белгісіз). Балалық шағын Қаратау мен Ұлытауда өткізді. Жас кезінен бастап, өзінің өткір ақыл-ойымен және терең білімімен ерекшеленген. Көптеген аңыз-өңгімелермен, мақал-мәтелдермен және нақыл сөздермен жақсы таныс болған. 14 жасында қазақ елшілерімен бірге, Жоңғар ханы – Сыбан Раптанмен келіссөздер жүргізуге аттанды. Өзінің батылдығының және шешендік өнерінің арқасында, халықтан ұрланған мүлікті елге қайтарып, тұтқындарды босатқаны туралы ғажайып ерліктері белгілі. Оның шешендігіне таң қалған Сыбан Раптан, болашақ биді «қаз дауысты» деп атап, бұл ат Қазыбек бидің өмірінің соңына дейін сақталып қалады.

Бұдан кейін, Жоңғар хандығына тағы да бірнеше рет дипломатиялық сапармен барған. Осындай сапарлардың бірінде, тұтқынға алынған Абылай ханды босата алды. Қазыбек би Абылайды қазақ халқын біріктіре алатын адам ретінде қарастырып, оны азат ету үшін үлкен табандылық танытты.

Сондай-ақ, келіссөздердің нәтижесінде, Түркістан қаласы және қазақтың 32 елді мекені жаудан құтқарылды. Төуке хан Қазыбекті Орта Жүздің басты биі етіп тағайындаған. Ол үш жүзді біріктіруге үлкен үлесін қосып, жоңғар басқыншыларына қарсы жалпыұлттық күресті ұйымдастырған. Сондай-ақ, «Жеті жарғы» заңдар жинағының авторларының бірі болып саналады. Төуке хан өлгеннен кейін, Семеке, Өбілмәмбет және Абылай хандардың тұсында, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына белсене араласқан. Атақты би 1764 жылдың желтоқсанында Семізбұға тауының етегінде қайтыс болды. Оның

баласы Бекболат киіз үй салып, әкесінің денесін төрт ай бойы сонда сақтайды. Қар жауып біткен соң, сүйегін Түркістанға жеткізіп, қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерлейді. Қазыбек би өмірінің барлық кезеңінде елімізді біртұтастыққа шақырды, хандар арасындағы алауыздықтарды шешіп отырды және көрші халықтармен ықпалдандық қарым-қатынасты орнатуға тырысты [1].

Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат он сегіз ағайынды екен. Соның кенже інісі жорықта жүргенде, Абылайдың бір үйір жылқысын абайсызда қолына түсіріп, алып кетіпті. Соны Абылай біліпті. «Мені басынғаны ғой», - деп намыстана аттанып, Бекболаттың ауылына келіп түсіпті. Бекболат Абылайдың алдында жорғалап: «...Тоғыз айыппен жолыңызды алып кешіңіз, байқаусызда балалықпен болған ғой», — дейді. Ханның қасындағы Бекболатпен бақ күндес кісілер: «Бұл сізге қыр көрсеткені деп біліңіз, мұны басуыңыз керек», — деп шағыстырып отырған соң: мен малға ғана жұбата алмайсың, тентек ініңді өлтірмей ашуды баса алмаймын, - дейді Абылай.

«Өз інімді өлтіруге мен де ұстап бере алмаймын», - дейді Бекболат.

Абылай үндемей кетіп қалады. Қайтадан үш жүз кісімен келіп Бекболаттың інісін ұстап алып, мойнына арқан тақтырып ала жөнеледі. Сол күні түстікке бір кегал жерге келіп қонған соң, Абылай: «Соңымыздан ешкім келмес пе екен, қарап тұрындар», - дейді. Абылай өлден уақытта: «Бір қарайған көрінеді», - деген соң: «Ол Бекболат болар, келген соң түс деп атын ұстандар» дейді. Айтқанындай Бекболат екен.

Түспей атының басын теріс қаратып тұрып:

— Ай, Абылай, мұнан бұрын жолдасқа мен қандай едім, қасындағылар қандай еді? — дейді.

— Сен бір төбе, бұлар бір төбе еді, — дейді Абылай.

Сонда Бекболат келген жағына шауып кетіп, өлден уақытта қайта шауып келіп, өлгідей теріс қарап тұрып:

— Орал таудың ор түлкісі,

Айнала қуса ит жетпес.

Орал таудың ақ иығы,

Ақ иық келсе, тек кетпес,

Сондағы мерт етпес! — деп байлаулы тұрған інісін шешіп алып жөнеле беріпті, хан қарсылық жасатпапты. Бекболат кеткен соң, қасындағылардың түсіне алмай таңырқап отырғанын біліп, Абылай:

— Мына мен «Бекболат, сен бір төбе, басқалар бір төбе еді» дегенге намыстанғандай болдыңдар-ау, Бекболаттың келіп кетуінен не сезіп отырсыңдар? Жаңа ол не айтып кетті? — депті қасындағы билеріне.

— Сол арасын аңғара алмай отырмыз! — деген соң, Абылай:

— Білмесеңдер, енді онымен таласып ықпелемендер, - деп Бекболаттың сөзін былай түсіндіріпті.— «Орал таудың түлкісі» деп ол өзін айтты. «Айнала қуса ит жетпес» деп сендерді айтты, «Орал таудың ақ иығы» деп мені айтты. «Ақ иық келсе тек кетпес» деп келіп қалған соң, ашумен інімді алған шығарсын» дегені. «Сондадағы мерт етпес» дегені ханнан халық күшті, халықтан биліксіз, хан да болсаң ақылыңа салып, інімді жібер, жебірің болса, айып алып бітерсің дегені» депті.

Айтқанындай артынан Бекболат тоғыз айыбын жіберіпті. «Көп қорқытады, терең батырады» деген сол. Абылай сынды ұлы хан да қалың қазақтан қаймығып қайтып кетіпті [2].

Тағы бір деректерде Қазыбек би ғейгілі боп тұрған шағында еліне жайлы қоныс іздеп Сарыарқаны шолып қайтуға кетеді. Соны сырттан есіткен қалмақ Хонтайшысы дереу қалың қол аттандырып Қазыбекке қараған елді шаптырып алады. Ханның қолы малмен коса жүзге тарта ер балаларды да байлап өкетеді. Оның ішінде Қазыбектің өз баласы Қазымбет те кетеді. Өйткені Қазыбектің тұқымынан біреуді қайтсе де байлап өкелу жөнінде ханның тікелей тапсырмасы болған екен. Сарыарқаны қоныстыққа ұнатып елге қайтқан Қазыбек шабылған елін көрген соң, өзі басшы болып қалмаққа екінші рет жол тартыпты.

Он төрт жасар бала күннің өзінде-ақ нелер тапқыр сөздер айтып бетін қайтарып тастаған Қазыбектен жасқанып Хонтайшы хан бітім жасауға кенеді. Өр түрлі балалардың ішінен өзіне керегін алып кету мақсатымен өртүрлі қулыққа салады. Сонда ханның көздегені Қазымбетті қайтармау екен. «Тірі емес»-деп балаға күн төлеу ниетін білдіреді. Сонда Қазыбек тұрып Хонтайшыға:

- Жұмыр басы, екі аяқты бозымның өзін қайыр. Төрт аяқты малымның көзін қайыр. Ерім үшін күн алмай өлісемін, бозымның көзі жоқ болса, екі есе күн аламын. Бұл айтқаным болмаса, тал түсте талап аламын - дегенде, Хонтайшы:

- Қазыбек би, ерің үшін күн алмай өлісемін дегеніңді жөн дедік. Ал бозымның төлеуін екі есе қып аламын дегеніңе жол болсын! - депті. Сонда Қазыбек:

- Бозымның төлеуі екі есе болатын себебі: белеңнен шыға келген қалың топтың ішінде онын жарық еткен айбыны Қонтайжыдай жанды сескендіреді. Төлеуі толық болса, ендігері есте жүреді, - дейді. Сонымен Қазыбек бұл жолы да шапқыншылыққа түскен балалармен коса малдың көзі барының көзін, көзі жоғының толық төлеуін алып қайтады.

Үшінші билігі: осы бітімнен қайтып келе сала Қазыбек елін Сарыарқаға көшіріп, бұл жерді ата мекендік қоныс етеді. Бірақ өлі де ол қонысқа көшіп болмаған елдің соңғы бөлегін, сондай-ақ, Қазыбекке ниеттес кіші жүздің бір

бөлегін Хонтайшы тағы шаптырын алады. Қазыбекке шабылған елден хабаршы келеді. Сонымен Қазыбек тағы да қалмаққа тартады. Би бұл жолы Хонтайшының алдына серт қойып, мұндай шабыншылықты ендігері қайталамайтындай етуге немесе бір жола бітіспекке беттеп аттанады. Хонтайшының ордасына таяп келгенде, ғткелде тұрған бір жастау қыз Қазыбектің қайда бара жатқан жөнін сұрапты. Қазыбек қызға Хонтайшы ханға елшілікпен бара жатқанын айтыпты. Қыз оған:

- Елші болсаң қазақтың Қазыбегі боларсың, есебің бітсе мені де еске аларсың, - депті. Қазыбек Қоңтажының ордасына түсіп:

- О хан, сен ел шабуды коймадың, мен елшілікке келуден танбадым, — дейді. Қоңтажы бұған:

- Қазыбек би, дұрыс айтасың, сенің қаршадай 14 жасар күнінде айтқан сөздеріңді есітіп: «Шіркін-ай, мынадан бір тұқым алар ма еді», - деп ойлады. Содан барып Қазымбеттей ұлыңды алдырдым. Бірақ сен келіп «ерімнің ғзі қайтпай тұрып бітім етпеймін»-дедің. Не бізге тіліңді кесіп тастап кетпедің. Содан кейін менен іргенді аулақ салып ері кештің. Сені қайта бір келтіру үшін мен артта қалған елінді шаптырып алдым. Ендігі сөздің турасы сенімен достасуға құмармын. «Даудың артын қыз бітейді, судың артын шым бітейді», - деуші еді. Сондықтан не қыз ал, не қыз бер депті. Қазыбек ханға:

- Саған беретін қызым жоқ, қыз берсең алайын, - дейді. Хан Қазыбектен «ұлың нешеу еді»-деп сұрайды. Қазыбек:

- Бір жарым ұлым бар, - деп жауап береді. Хан бұған таңданып:

- Бір жарымы қалай? Сенде дырдай бес ұл бар деп еститін едім дейді.

Қазыбек оған:

- Менің елге ие болатын ұлым біреу-ақ, аты - Бекболат, соны бүтінге есептедім. Ал, қатынға ғана ие болатын үшеуін есепке алып жүргенім жоқ, - деп Хонтайшыға қарапты.

Қоңтажы өз қызын беріп, оны Бекболатқа қосуды ғтініпті. Сонымен қазақ пен қалмақтың шабыншылығы тоқталған екен деседі. Қазыбек осы сапарында хан ордасына бара жатқанда жолыққан жас қызды ала келіп: «Осыны тербиеле», - деп оны да Бекболаттың қолына тапсырыпты [3].

Жоңғарлардың Хошоуыт тайпасының қолбасшысы Сары Манжы бастаған отыз мыңдай ойрат Сарыарқаны шарлап одан Қаратау атырабын Түркістан теңірегін түгелдей жаулап алған ғой. Сол шайқас кезінде Қалдан Сереннің батыр баласы Шарышпен Абылай батыр жекпе-жек айкасып, Шарышты мерт кылады. Қалың ойрат жабылып Абылай мен оның біраз жігіттерін қолға түсіріп екетеді. Оларды арашалап қалуға қазақтардың шамасы келмей қалады. Сонымен бір жылдай уақыт ғтеді. Абылай батыр аяқ-қолы кісендеулі жата береді. Артынан іздеп барған қазақтың белді адамдарын жоңғар Қонтайшысы маңайлатпапты. Енді ел-жұрт боп ақылдасып «Көне, Абылайды кім құтқарып екеледі?»-дегенде, Халық бір ауыздан «Қазыбек би барсын, одан басқа адамның реті жоқ» десіпті. Осы кепшілік ғтінішімен Қазыбек Жоңғар еліне елшілікке аттаныпты.

Қазыбектің асқан алғырлық, батылдық, шешендік қабілетін бұрыннан білетін Қонтайшы бұл жолы онымен кәп тіресе алмапты. Барынша күтіп сыйлапты да, мынадай шарт қойыпты: Біріншіден, Өбілхайыр, Өбілмәмбет хандар, Барақ сұлтан, Жәнібек батыр тағы сол сияқты он атақты кісілерің бір-бір жігіттен кепілдік берсін. Екіншіден, орыс патшалығынан қол үзесіңдер, Жоңғарияға қосыласыңдар сонда ғана Абылай батырларың қайтарылады. Оған қоса Түркістан оның төңірегіндегі отыз екі қала ғездеріңе беріледі, - дейді.

Қаз дауысты Қазыбек қайтып келеді. Ел басшылармен ақылдасыпты. Бүкіл халық қамы үшін қорған болған Абылайдай батыр үшін Қонтайшы талабын жартылай орындауға бекінеді. Сөйтеді де Өбілмәмбет пен Барақ сұлтанға бір-бір жігіт аманатқа бергізеді. Ресей патшалығына да, Жоңғарияға да ғезірше беріле қоймайтындығын білдіреді. Егер бұған кәнбеген күнде орыстармен бірлесіп шабуылға шығатындығын ескертеді. Қазыбектің мұнысы айла-тәсіл, Қонтайшыны үрейлендіру еді. Қонтайшы Қазыбектің бұл шартын ары-бері ойластырады да, "қазақтар орыстармен бірігіп кетсе, халім мүшкілге айналар" деп қауіптенеді де, Қазыбекпен келісімге келеді.

Абылай батырды тұтқыннан босатады. Түркістанды және оның атырабындағы отыз екі шаһарды қайтып береді. Өбілмәмбет Түркістанға хан сайланады. Абылай батыр Арқа жағына сұлтан боп белгіленеді. Бұл кезде Қаз дауысты Қазыбек аулы Ұлытауды жайлапты. Мінеки, ақылғей абыз, бітімгер Қазыбек баба Абылай ханды жоңғар тұтқынынан осылай құтқарған екен [4].

Тағы да бір деректерде төмедегідей еңгімелер кездеседі. Жантай деген бай малшысымен төбелесіп, сол төбелесте байдың бір күрек тісі сынады. Жалшы «сенен шығамын»-деп ақысын сұрайды. Бай «тісімді сындырдың, соның төлеуі үшін алдым»-деп ақысын бермейді. Екеуі Қазыбекке келеді.

Жантай тұрып:

- Мынау менің жалшым еді, ғзіммен төбелесіп, бір күрек тісімді сындырды. Бұның құнын сұрасам бермейді. Жалға жүрген ақымды бер деп жүр, - дейді. Сонда жалшы тұрып: Мен жалға жүрдім Жантайға, Мен күшіме жарытпадым. Бір тай алмақ болып алты айға. Содан барып төбелес туды, бір асына жарытпады, жазым болып күрек тіс сынды.

- Байдың аты бай емес пе, ақымды бермейді, үйінен куады. Би ата, ғділдігіңізге жүгінгелі келдім, - деп сөзін аяқтапты. Бұл дауға Қазыбек мынадай билік айтыпты:

- Ас адамның арқауы еді. Жантай асқа жарытпаған соң жалшыға күш қайдан дарысын. «Аш кісі ұрысқақ»-деген төбелестің шығуына да ғзің себепкер болғансың. Сондықтан мынаның ақысын бер, күрек тісің құнсыз. Еркектің қалған тісі аман болса, бір күрек тістен келер кемшілік жоқ, Ал ғейелдің күрек тісі, ғрі кәркі, ғрі жіп қиятын қаруы, - деген екен [5].

Міне осындай даналығы халық арасында ғасырлар бойы ғшпей келе жатқан аңыз еңгімелерге арқау болып келеді. Бұл дегеніміз «дала

данышпаны»-деген құрметті атаудың Қазыбек бидің есіміне бекер таңылмағанының дәлелі болып отыр.

Қазақ елінің тәуелсіздік алуы, бұрын біржақты қараланып немесе датталып келген, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін жаңаша парақтап, даңқты тұлғаларымыздың өткен өміріне шынайы баға беруге мүмкіндік туғызып отыр.

Қаз дауысты Қазыбек би аумалы-төкпелі, күрделі, қилы заманда ғұмыр кешті. Кең байтақ Қазақ жеріне бір бүйірден Жоңғар хандығы, екінші бүйірден Ресей империясы, үшінші жақтан Бұхар мен Хиуа хандықтары ебден мазасын алып, өз-өзілдік көрсетіп отырды. Жан-жағынан анталаған алпауыттарға қарсы Төуке хан тұсында икемді саясат жүргізуге көмектескен «Үш пайғамбар»-деп аталған ұлы билердің бірі, ері бірегейі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6.
2. Даланың дара ділмарлары.-Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2001, - 592 бет. ISBN 5-7667-5647.
3. Қазбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқиямнан өзіме шейін». – Алматы: «Жалын», 1993.
4. Великие личности Средней Азии. Энциклопедия. – Ташкент. «Стрела». 1997.
5. «Үш пайғамбар». – Алматы: «Қызыл жебе» 1995 жыл.

ОБРАЗ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ЛИЦЕ ОДНОГО ИЗ ГЛАВНЫХ БИЕВ 17-18 ВЕКА

Малдыбек Ақерке Қанатқызы

Алматы облысы, Қарасай ауданы, А.С.Макаренко атындағы
орта мектебі КММ

«Бий», какая важная роль должна была отведена данному слову в судьбе казахского народа, чтобы с помощью нее можно было бы дать описание хозяйству и быту целого народа. Термин "бий" происходит, по-видимому, от древнего тюркского слова "билиг", имевшего два значения "править" и "знать". В чингизовской традиции оно приобретает также смысл "изречений", "афоризмов", "притч". Как нам всем известно, ханство возглавляли ханы, в те давние времена во главе Казахского ханства стояли Джангер, Тауке, Абулхаир, Абылай. Вторую половину XVII и первую половину XVIII веков можно с уверенностью назвать сгустком казахской истории. Этот хронологический период отмечен борьбой с внешней агрессией, тенденцией к территориальному росту, многочисленными миграциями внутри Казахстана, развитием этнической общности, изменением в социальном и политическом строе казахов. Нельзя не

Мазмұны

1. Калелова Жадыра Уатаевна, Өнербек Хуанган. Дала данышпаны Қазыбек би.....	4
2. . Малдыбек Ақерке Қанатқызы. Образ казахского народа в лице одного из главных биев 17-18 века	9
3. Жапарова Айжан Сагынаевна. Жеті жарғы-ата заңның түп негізі.....	12
4. Пирашова Галья Есенказиевна. Қазақ мәдениет тарихындағы Қаз дауысты Қазыбек бидің тұлғасы	16
5. Айтказина Кымбат Турсынгазиновна. Ел данасы – Қазыбек би	19
6. Шантемиров Архат Жанатович. Кемеңгер тұлға - Қаз дауысты Қазыбек би	23
7. Кешубаева Гульназ Сальвековна. Қазақ билері.....	26
8. Кунгазина Мира Мырзагельдыевна. Билер кеңесі – кешпелі қазақ қоғамындағы халық билігінің ерекше нысаны	29
9. Мухаметжанова Шолпан Егинбаевна. Қаз дауысты Қазыбек би сөзінің күдіреті.....	30
10. Чегибаева Газиза Кайсиновна. Қазыбек би Келдібекұлының қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ролі	33
11. Алыбаева Бахыткнл Нуркасымовна. Кесімді сөздің кемеңгері.....	36
12. Смагулова Назым Тулегеновна. Қаз дауысты Қазыбек бидің тағылымы.....	39
13. Қошқарбаев Думан Тоханұлы. «Жеті жарғы» заңдар жинағын дайындаудағы Қаз дауысты Қазыбек бидің рөлі.....	42
14. Иманбаева Салтанат Тәлегенқызы. Батылда парасатты елші	45
15. Батырхан Шыңғыс Сержанұлы. Кешпелі қоғамдағы билердің рөлі.....	48
16. Темирханова Шынар Мухтархановна. Ұлт рухының кемеңгері.....	50
17. Акишева Гульнара Сейткалиевна. Қазыбек би және мемлекет.....	53
18. Умертаева Сауле Масалимовна. Батыл да парасатты елші.....	57
19. Ажимбетова Каламкас Байкеновна. Қазақ хандығының басқару жүйесі және қаз дауысты қазыбек би.....	62
20. Сембинова Айжан Нояновна. Қазақ хандығының басқару жүйесі және Қаз дауысты Қазыбек би.....	65
21. Исмагулова Эльвира Ермекқызы. Қазақ хандығының басқару жүйесі және Қаз дауысты Қазыбек би	68
22. Карипбаева Айман Сапатаевна. Қазақ хандығының басқару жүйесі және Қаз дауысты Қазыбек би	71
23. Қуандыков Бекалы Сапаркулович. Қаз дауысты Қазыбек бидің мәмілегерлік қайраткерлігі.....	74
24. Абдильдаева Дарига Маратовна. Қазақ хандығының басқару жүйесі және Қаз дауысты Қазыбек би	78